

Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінде жүргізіліп жатқан

«Театр» үйірмесінің 2023-2024 оқу жылының есебі

Талдысай жалпы орта білім беретін мектебі жанынан құрылған «Театр» үйірмесі 10 оқушыдан құралған. Топ жетекшісі ретінде ұзартылған күн тобы жетекшісі Суликова А О бекітілді.

Мекепішілік «Театр» үйірмесінің жылдық жоспар құрылды. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісінің орынбасары К.С. Мукашева жүктелді.

Жоспар бойынша «Театр» үйірмесі өз жұмысын жасады. Үйірме аптасына бір рет болады.

Қыркүйек айында театр үйірмесінің жұмыс жоспарымен таныстырып, қатысатын оқушылардың тізімі жасалында. Одан әрі жоспар бойынша сабақтар өтті. Назар аударуды дамыту ойындары оқушыларға жақсы әсер қалдырды. Театр құрылымы, оның негізгі мамандары: актер, режиссер, сценарист, гриммен танысу сабағы балаларға өте қызық болды.

Қазан айында «Қызыл телпек» ертегісі желісімен танысып, рөлдерге бөліп оқу арқылы рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс яғни ертегі кейіпкерлерінің сырт бейнесін, дауысын есереке отырып рөлдерді өз беттерінше сомдады (дайындық). Ертегі сомдағанда сахна мәдениетін ескеріп бір-біріне қай жерде қандай қыймыл керектігі жайында пікір алмасты.

Қараша айында қажетті жағдайларды баяндап, әр кейіпкердің сахнадағы өзін-өзі ұстау ерекшеліктеріне тоқталып. Кейіпкерлер костюмі, сахнаның безендірілуі, сахналық қосымша әрлегіш құралдар (музыкалық фон, дыбыстық құралдар т.б) түсіндіру жұмысы жүргізілді. Костюмдер мен безендірулерді дайындады. Көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау) болды. Қойылымның мазмұнын ашуға сай келетін музыка таңдап. Дайындық жұмысы жүргізілді.

Желтоқсан айында «Қызыл телпек» ертегі желісін костюмдермен, безендірумен, музыкалық қосымшамен бірге күрделі дайындық жұмысын жасадық. Қойылымды оқушылар алдында қойып, оқушылардың қойылым жайында пікірлерін сұрау мақсатында сұрақ-жауап әдісі қолданылды.

Қаңтар айында «Адам - ұлы құндылық» тақырыбында өз жақындарының суреттерімен әңгіме құрау тапсырмасы болды. «Әдеп пен мәдениет» тақырыбында шығармалар таныстырылды. Тыныс алуды дамыту мен сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс істеуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар туралы ақпарат берілді.


Ақпан айында мәтіндегі ойға сөздік іс-әрекет. Сөйлеу мен дене әрекеті (дене мен сөйлеу жұмыстарын елестету яғни сөйлеу кезіндегі іс-әрекетті жасау) тапсырмасы болды. Байқау қабілетін дамыту. (Өз бақылауы негізінде этюд көрсету (рөлге сомдау). Адам мінезін, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын түсіну мен түсіндіру). Күрделі суретпен жұмыс жасап үйрену және елестеру қабілетін дамыту («жағымсыз бейнелер жайында видеоролик көрсету»). Кейіпкермен жұмыс. Бет әлпет мимикасымен жұмыс жасау, талдау. Шаш үлгісі мен париктер (кейіпкерлерге байланысты әр түрлілігін түсіндіру).

Наурыз айында «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің сценариймен танысу. Оқушыларды бет-әлпет, мінез-құлық, дауыс мәнері ерекшеліктеріне қарай рольдерге бөлу. (сырт бейнесі, және т.б. сай келуі ескеріледі. Жекелеген көріністермен дайындық.

Сәуір- ұсынылған, қажетті жағдайларды ұйымдастырып, әр кейіпкердің сахнадағы жүріс-тұрыс ерекшелігіне тоқталу. Сахналық безендірулер мен костюмдер, музыкалық әрлеу туралы әңгімелеу. Сахналық безендірумен, костюмдермен, музыкалық әрлеумен бірге күрделі дайындық жұмысын жасап. Сахналап, талқылау жұмысын жүргіздік.

Мамыр-Диалог – жануарларға дыбыстық еліктеу мен олардың дыбысын салу. (Өтеш – тауық, шошқа – сиыр, арыстан – қой, ит- мысық, екі маймыл, үлкен ит- кіші ит).. Қарама -қарсылыққа арналған, затсыз этюдтер (2 адам, сахна екіге бөлініп) «Сынған фотоаппарат», «Дыбыстық ойындар», «Көрінбейтін кейіпкермен телефонмен сөйлесу» этюдтері, сахнада орындалды. Кейіпкермен жұмыс. Ертегідегі гримдер

сабақ, слайд түрінде көрсетілді.



Үйірме жетекшісі: Суликова АО